

Kushanova Aynur Nuraslovna
8D02304 eğitim programında Felsefe Doktoru (PhD) derecesi için
hazırlanmıştır – Filoloji Yabancı bir danışmanın «M. Auezov'un eserlerinin
dilbilimsel ve bilişsel yönleri» konulu tez çalışması

GÖRÜŞ

Dilbilimde yeni yönlerden biri olarak ortaya çıkan bilişsel dilbilim ve dilbilimsel kültürbilim alanları, sanatsal metnin analizinde yeni perspektifler ve derin yargılar açmıştır.

Tez yazarı Kushanova Aynur'un araştırma çalışması, M. Auezov'un eserlerinin dilbilimsel ve bilişsel açıdan incelenmesine ayrılmıştır. Kurgunun dilbilimsel açıdan incelenmesi, yazarın kullandığı dilsel birimlerin kültürel anlamlarının keşfi, bunların dil bilincinde kültürel bir kod olarak istikrara kavuştuğunun gösterilmesi ve bu kodun başarılı bir şekilde açıklanması gibi konuları içerir. sanatsal söylemin gerçekleşmesine işaret eder.

Modern insani paradigmada sanatsal ve estetik yaratıcılık, evrensel bir insan kültürünün biçimi olarak kabul edilir. Bu bakış açısına göre sanatsal metin, çevremizdeki dünyanın ve insanın manevi dünyasının kırılmalarını yansıtan kültürel bir fenomen olduğu ortaya çıkıyor.

Ulusal bilincin bir parçası olan bir sanat eserinin yazarı, dil bilincinin oluşumu sürecinde dünyanın Ulusal Dilsel imajının yönlerine hakim olur. Modern bilimde dilin antropojenik odağı, araştırmacıları kişisel ve karakteristik bir fenomen olarak dil bilincini incelemeye ve dili kullanan nüfusun ulusal kültürüyle bağlantı kurmaya yöneltmektedir.

Araştırmanın alaka düzeyi, ulusal kültürün dilde ve metinde tezahürüne olan ilginin artması, onu kavramlar aracılığıyla aktarmanın mekanizmaları, dilsel kişiliğin tanımlanması ve sanatsal metnin yaratıcısı yazarın özgünlüğü ile belirlenir. Bir sanat eserinin dilbilimsel-kültürel analizi yoluyla kavramların ardındaki ulusal-kültürel özgülüğün belirlenmesi, destekleyici kavramların sembolik anlamını analiz ederek metnin bilişsel-anlamsal organizasyonunun gösterilmesi alaka düzeyini kaybetmemiştir. Kazak dilbiliminde bir sanat eserinin dili yapısal ve sistemik paradigma çerçevesinde biraz çalışılmış olsa da, Kazak dilinin manevi ve kültürel fenomeni olarak kabul edilen klasik yazarların dili, antropolojik yönün fikir ve sonuçlarına dayanarak, bu yönün yöntem ve tekniklerini kullanarak az sayıda araştırmaya sahiptir. Seçilen konunun özellikle alaka düzeyi, Kazak klasik yazarı, Öykü Yazma Ustası M. Auezov'un eserlerinin dilbilimsel ve bilişsel açıdan özel bir çalışmanın konusu olmamasından kaynaklanmaktadır.

Çalışmanın amacı, yazarın hikayelerini analiz etmek, M. Auezov'un eserlerini dilbilimsel ve bilişsel açıdan incelemek için metodik adımlar önermek, bir kurgu eserinde ulusal dünyanın imajını ve yazarın aptallığını belirlemektir.



Tezin ilk bölümü, bir kurgu eserinde dilbilimsel ve bilişsel araştırmanın teorik ve metodolojik temellerini incelemektedir. Bu bölümde kavram kavramlarının tanımı, dil kavramı, sanatsal kavram, kültürel kavram, dilbilimsel açıdan sanatsal çalışmayı incelemek için teori ve yöntem, bilişsel açıdan sanatsal çalışmayı incelemek için teori ve yöntem incelenmiştir. Modern dilbilimde, dilbilimsel bir kavramın incelenmesi, dil ve kültür arasındaki ilişkiyi ortaya çıkarmak için önemli bir yaklaşım haline gelmiştir. Bu yaklaşımla dilsel birimlerin, kelimelerin, cümlelerin, metaforların ve diğer dilsel araçların anlamlarının ve işlevlerinin belirli bir kültürel ortamda nasıl gerçekleştirildiği belirlenir. Kültürel kodlar ve ulusal özelliklerin yanı sıra ulusun dünya görüşü ve felsefi yargıları dil aracılığıyla ifade edilir. M. Auezov'un eserlerinin dilinde kullanılan kavramsal yapılar, Kazak halkının felsefi temsillerini, tarihsel deneyimlerini ve kültürünün özelliklerini belirler.

İkinci bölümde M. Auezov'un eserlerinin dilbilimsel ve kültürel bir analizi yapılmıştır. Tez çalışması, M. Auezov'un eserlerindeki kültürel kodların dilsel resmini ortaya çıkarmıştır. Kültürel kod, dilsel sembollerle temsil edildiği için göstergebilimsel bir karakterle karakterize edilir. Dil, kültürel değerlerin nesilden nesile korunmasına, yenilenmesine, aktarılmasına katkıda bulunur. Dil ve kültür, karmaşık bir göstergebilimsel sistem olarak yakından ilişkilidir, dil, kültürü sınıflandıran ve gruplandıran ana kriter olarak kabul edilir. Çalışma sırasında, Muhtar Auezov'un kurgu eserlerinde dilbilimsel kültürel kavramların somutlaşmasının özellikleri kapsamlı bir şekilde ele alındı.

Üçüncü bölüm, sanatsal metnin bilişsel-anlamsal organizasyonunu ele almaktadır: dilbilimsel analiz. Tez çalışması, sanatsal metindeki «yalnızlık» kavramının dilsel resmini, «kurt» kavramının bilişsel yapısını inceliyor, yazarın eserlerindeki sembollerin dilbilimsel analizini gerçekleştiriyor. Sanatsal eserdeki kolektif dünyanın imajı ile yazarın dünyasının imajı da karşılaştırıldı.

Çalışma, yazarın ulusal dünya görüşünü, tarihsel bilinci ve kültürel gerçekliği sanatsal dil aracılığıyla aktarmadaki becerilerini ortaya koymuş, dilbilimsel birimlerin bilişsel özelliklerini kapsamlı bir şekilde analiz etmiştir. Muhtar Auezov'un eserlerindeki ulusal dünya görüşünün sanatsal bir ifadesi olarak dilbilimsel kavramlar, Kazak dilbiliminin en önemli yönlerinden biridir.

Bu temelde tez çalışmasının yapısal alt bölümleri mantıksal olarak birbirine bağlıdır. Tezin içeriği-tezin konusunu, amacını ve hedeflerini tam olarak açıklar.

Araştırmanın bilimsel yeniliği: Tez çalışmasında ilk kez M. Auezov'un («Sudak», «Yetim», «Karalı Sulu», «Karaş-Karaş Ayşe», «kily zaman», «Savunmasızların günü») öykülerini dilbilim ve bilişsel dilbilim araştırma yöntemlerini kullanarak incelemeye çalışılmıştır.

Tez çalışmasının sonuçları, M. Auezov'un çalışmalarını, derin dil-kültürel ve bilişsel analiz yöntemlerinin geliştirilmesine, dil ve kültür arasındaki ilişkinin incelenmesine büyük katkı sağlayan yeni ve yeni olarak değerlendiriyor.

Önerilen bilimsel çalışmanın içeriğine uygun olarak, araştırma sonuçları Scopus temeline kayıtlı olan bilimsel dergilerde 1 makale, Kazakistan



Cumhuriyeti Bilim ve Yüksek Öğretim Bakanlığı Bilim ve Yüksek Öğrenim alanında Kalite Güvencesi Komitesi listesinden dergilerde 4 makale, Uluslararası bilimsel konferans bildirilerinde 8 makale yayınlanmıştır.

Yukarıdaki bilimsel gerekçeleri dikkate alarak tez çalışmasının bilimsel sonucu: Kushanova Aynur Nuraslovna'nın "M. Auezov'un eserlerinin dilbilimsel ve bilişsel yönleri" konulu tez çalışması, «8D020304 – Filoloji» eğitim programında Felsefe Doktoru (Doktora) derecesi almak için gerekli gereklilikleri tam olarak karşılıyor. Kushanova Aynur Nuraslovna'ya «8D02304 – Filoloji» bölümünden Felsefe Doktoru (PhD) derecesini vermeyi layık görüyorum.

Yabancı Bilimsel Danışman,
Felsefe Doktoru (PhD),
Ege Üniversitesi Profesörü

İzmir şehri, Türkiye

« 30 » 04 2025


Metin Ekici


Кушанова Айнур Нурасловна
8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған
«М.Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті
аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік
кеңесшінің

ІШКІРІ

Тіл білімінде жаңа бағыттардың бірі ретінде қалыптасып келе жатқан когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттану салалары көркем мәтінді талдауда тың көзқарас пен терең пайымдауларға жол ашты.

Диссертант Кушанова Айнұрдың ғылыми зерттеу жұмысы М. Әуезов шығармаларын лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеуге арналған. Көркем шығарманы лингвомәдени аспектіде зерттеу жазушы қолданған тілдік бірліктердің астарындағы мәдени мағыналарды тауып, олардың тілдік санада мәдени код ретінде тұрақтанғанын көрсету және сол кодты сәтті ашу көркем дискурстың жүзеге асуын меңзейді деген сияқты мәселелерді қамтиды.

Көркем-эстетикалық шығармашылық қазіргі гуманитарлық парадигмада жалпыадамзаттық мәдениеттің бір түрі болып саналады. Көркем мәтін осы тұрғыдан алғанда қоршаған шындық дүние үзіктерін және адамның рухани дүниесін бейнелейтін мәдени феномен болып шығады.

Көркем туындының авторы ұлттық өзіндік сананың бір бөлшегі бола тұра, тілдік санасын қалыптастыру үдерісінде дүниенің ұлттық тілдік бейнесінің аспектілерін меңгереді. Қазіргі ғылымдағы тілдің антропоэзектік бағыты зерттеушілерді тілдік сананы жеке тұлғаға тән құбылыс ретінде және тіл қолданушы халықтың ұлттық мәдениетімен байланыста зерттеуге бұрып отыр.

Зерттеудің өзектілігі тілдегі және мәтіндегі ұлттық мәдениеттің көрінісіне, оның концептілер арқылы берілу тетіктеріне, көркем мәтінді жасаушы жазушының тілдік тұлғасы мен өзіндік идиостилін анықтауға деген қызығушылықтардың артуымен анықталады. Көркем шығарманы лингвомәдени талдау арқылы концептілердің астарында жасырынған ұлттық-мәдени ерекшелікті анықтау, мәтіннің когнитивті-семантикалық ұйымдасуын тірек концептілердің символдық мағынасын талдау арқылы көрсету өз өзектілігін жойған жоқ. Қазақ тіл білімінде көркем шығарма тілі құрылымдық-жүйелілік парадигма аясында біршама зерттелгенімен, қазақ тілінің рухани-мәдени феномені ретінде танылатын классикалық жазушылар тілі антропоэзектік бағыттың идеялары мен тұжырымдары негізінде, аталған бағыттың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып жүргізілген зерттеулер саны аз. Әсіресе, қазақтың классикалық жазушысы, шағын



әңгіме жазудың шебері М. Әуезов шығармалары лингвомәдени және когнитивті аспектіде арнайы зерттеу нысаны болмағаны тандаған тақырыбымыздың өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – М. Әуезов шығармаларын лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеудің әдістемелік қадамдарын ұсына отырып, жазушы әңгімелерін талдау, көркем шығармадағы ұлттық дүние бейнесі мен автордың идиостилін анықтау.

Диссертацияның бірінші бөлімінде көркем шығармадағы лингвомәдени және когнитивті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері зерттелді. Аталмыш бөлімде концепт, тілдік концепт, көркем концепт, мәдени концепт ұғымдарының анықталуы, көркем шығарманы лингвомәдени аспектіде зерттеудің теориясы мен әдістемесі, көркем шығарманы когнитивті аспектіде зерттеудің теориясы мен әдістемесі зерттелді. Қазіргі лингвистикада лингвомәдени концептіні зерттеу – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ашудың маңызды әдіс-тәсіліне айналды. Бұл тәсіл арқылы тілдік бірліктердің, сөздер, тіркестер, метафоралар мен басқа да тілдік құралдардың мағыналары мен функциялары белгілі бір мәдени ортада қалай жүзеге асатыны айқындалады. Мәдени кодтар мен ұлттық сипаттар, сондай-ақ ұлттың дүниетанымы мен философиялық пайымдары тіл арқылы көрініс табады. М.Әуезовтің шығармаларының тілінде қолданылатын концептуалды құрылымдар қазақ халқының философиялық пайымдарын, тарихи тәжірибесін және мәдениетінің ерекшеліктерін айқындайды.

Екінші бөлімде М. Әуезовтің шығармаларын лингвомәдени талдау жасалды. Диссертациялық жұмыста М. Әуезовтің шығармаларындағы мәдени кодтардың тілдік көрінісі айқындалды. Мәдени кодқа семиотикалық сипат тән, өйткені ол тілдік таңбалар арқылы бейнеленеді. Тіл мәдени құндылықтарды сақтауға, қайта жаңғыртуға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді. Тіл мен мәдениет күрделі семиотикалық жүйе ретінде өзара тығыз байланысты, тіл мәдениетті жіктейтін және топтастыратын негізгі өлшем болып саналады. Зерттеу барысында Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларындағы лингвомәдени концептілердің бейнелену ерекшеліктері кешенді түрде қарастырылды.

Үшінші бөлімде көркем мәтіннің когнитивті-семантикалық ұйымдасу: лингвокогнитивті талдау қарастырылды. Диссертациялық жұмыста көркем мәтіндегі «жалғыздық» концептісінің тілдік бейнесі, «қасқыр» концептісінің когнитивті құрылымы зерттеліп, жазушы шығармаларындағы символдарды лингвокогнитивті талдау жасалды. Сонымен қатар көркем шығармадағы ұжымдық дүние бейнесі мен авторлық дүние бейнесін салыстырылды.

Жұмыста жазушының ұлттық дүниетаным, тарихи сана және мәдени болмысты көркем тіл арқылы жеткізудегі шеберлігі анықталып, лингвомәдени бірліктердің когнитивті сипаттары жан-жақты талданды.



Мұхтар Әуезов шығармаларындағы лингвомәдени концептілер ұлттық дүниетанымның көркем көрінісі ретінде қазақ тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Осы негізде диссертациялық жұмыстың құрылымдық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан. Диссертацияның мазмұны – диссертацияның тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін толықтай ашып тұр. Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Диссертациялық зерттеуде алғаш рет М. Әуезовтің («Көксерек», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Қорғансыздың күні») әңгімелері лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистиканың зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып зерттеуге ұмтылыс жасалды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері М.Әуезовтің шығармаларын зерттеудің терең лингвомәдени және когнитивті талдау әдістерін меңгеруге, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеуде үлкен үлес қосатын – тың әрі жаңа зерттеу деп бағалаймыз.

Ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың мазмұнына сәйкес зерттеу нәтижелері Scopus базасында тіркелген ғылыми журналдарда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда 4 мақала, халықаралық ғылыми конференция материалдарында 8 мақала жарияланған.

Жоғарыда айтылған ғылыми негіздемелерді ескере отырып, диссертациялық жұмысқа берілетін ғылыми қорытынды: Кушанова Айнур Нурасловнаның «М.Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D020304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді. Кушанова Айнур Нурасловнаға «8D02304 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру лайық деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші,
Философия докторы (PhD),
Эгей университетінің профессоры

Измир қаласы, Түркия


Метин Экиджи
« 30 » 04 2025 ж.
